



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Қуандық ТҮМЕНБАЙ

Ел болып ауыл проблемасына бет бұрған шақта дiттеген негiзгi бағыт-бағдарға тек қана экономикалық әкiмшiлiк шаралар арқылы жете қоюымыз қиын. Бүгiнгi ауылдың “кiлтi” нарықтық қарым-қатынасқа ендi-ендi бейiмделе бастаған адамдар психологиясында жатса керек.

Белгiлi қаламгер Қуандық Түменбай осы күрделi тақырыпты қырағы көкiрек көзiмен зерделеуге күш салған.

Қой

мен

қойшы

Хикаят

Көптен бері арақ дәмін татпаған қойшы бүгін ішіп келді. Көңіліндегі қаяу мен ішін ашытқан насыбай уытындай өкініш сыртқа теуіп, өң-жүзі әлемтапырықтанып өзгеріп тұр. Бүгін алдына салған бір отар қойын өз қолымен өзгелерге тапсырып қайтты. Бір күн, бір түн жаяу айдап, Құмкөлдің күшқанасына өткізді. “Маңырап қалды-ау, маңырап қалды, момын мал”. Құлағына өзі айшылық жерден танитын қара қойдың дауысы естілді. Қошақан боп көзін ашқалы алдына сап айдаған малы еді, енді мүйізі шығып, құйрық байлағанда, өзгелерге өз қолымен етке бергені өзегін өртеп барады. “Бәрі сол колхоздың бір күнде тарап, жекешеленіп, ұжымшар боп ұйысуының әлегі. Қолда бар төрт түлікті сатпай, қой мен сиырдың баспанасын бұзбай, клуб пен кітапхананы бүлдірмей, тіршілікті әрі қарай жалғастыра беруге болмас па еді? Түсінбеймін. Тереңіне жететін оқыған емеспін. Оқығандардың істеп жатқан тірлігі ғой бәрі”. Артына бұрылып қарады. Дәл бір мүйізді қара тоқты ілесіп келе жатқандай елестеді. “Ендігі электр пышақпен басың кесіліп, қолың – қол, саның – сан боп арам қатқан шығарсың. Мейлі, сендер олу үшін, біз өлтіру үшін жаралғанбыз. Жоғ-а, сатылса бір сәрі. Айырбас дейді.

Бартер дейді. Қара қойды бензинге айырбастап... Құмкөлді сатып алған канадалықтар оны ет қылады дейік. Ал біз сонша бензинді не қыламыз? Бұрынғыдай егіп жатқан егін жоқ, түтіні будақтап жер жыртып жатқан трактор жоқ”. Қойшы артына тағы бір қарады. Сол тұқыл мүйізді, жүні тықыр қырқылып, құйрығы салақтаған қара тоқты елес боп артынан еріп келеді. “Әлде маған өкпесі бар ма екен жануардың? Мал иесіне тартады. Қара марка да маған үйірсек еді, ақыры ажалы өзімнен болды. Йи-й, қойшы бәрін, менің кінәм не қара қойды бағып-қаққаннан басқа?”

Ол артына бір қарады да, атын тебініп қалды. Елу шақырым жол түгел елеспен өтті. Баяғыда, күздің қара суығында, Қаратаудың етегіндегі қыстауға қарай айдағанда, қой шіркін ысқырынған желден пана таба алмай, алға қарай басын көтермей тарта берді. Сайға да, дөңеске де тұрақтамады. Артына қараса, жылт-жылт етіп бір қызыл от еріп келеді. Онда әкесі тірі. “Қасқыр емес пе?”, - деп еді, “Үндеме! – деді жайбарақат үнмен. – Қойды қайырма. Өзі тоқтаған жерге ғана үйір”. Шақырымдар артта қалды, қысқа сирақтар бір терең сайға кеп үйіріліп, бауырларын жерге төсеп, жата-жата қалды. Сол кезде қызыл от та жарқылдап көз арбауын қойды. “Бұл – қой жарықтықтың киесі, – деді әкесі кейіннен. – Қызыл от боп артыңнан қолдап келе жатты”. Сол жылы шығын бермеді, шығынсыз шыққан жалғыз шопан өзі болды. Кеудесіне “Еңбек Қызыл Ту” деген орденін тақты. Өзі зіп-зілдей, алақандай жалпақ темір екен. Кейіннен “Октябрь Революциясы”, “Халықтар Достығы” боп көбейіп, омырауы зіл тартты. Әке өлді, ордені көбейді. Орденді көбейткеннен гөрі әкем тірі болғанда деп армандады. Әңгімесі мен ақылын тындап, жер ортасы жасқа жетсе де, алдында баладай құрақ ұшып жүрер еді. Әкесі бірден кетті. Кетерінде айтқан сөзі: “Сенің жақсын да, жаманың да – қара қой”, - деді.

Қазір тал түс. Алды-артында жылт-жылт етіп көз арбаған от та жоқ. Тек әлгі қара тоқты ат құйрығына жабысып әлі қалмай келеді. Бұл әлде бала күнгі өзі өлтірген қара марканың елесі ме екен қойдан айырылған күні жолын кес-кестеп жүрген. Мал – адамның асы. “Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ” – малдың Алла ауызға салған жаназасы. Өзі кәметке толмаған кезінде тісі шықпаған бір қозыны жазықсыз өлтірді. Өзі де өлім тілеп келе берді қасына. Бұның қайшымен қолының тырнағын алып отырған сегіз жасар көкөрім бала кезі. Шешесі кобыратып жүн түтіп отыр. Қара марка, өзінің сүйікті қозысына айналған төрт аяқ, көзі жәудіреп қасынан шықпай қойды. Бұл еміреніп басынан сипап, көзін қысты да: “Бар енді”, - деп қора жаққа қуып жіберді. Бір кезде тағы келді. Бұ жолы шешесінің бұрқыратып түткен жүнін аяғымен шашып, дәл қасында тұрды.

– Қушы мына қаран қалғырды, – деп зекіді шешесі.

– Әй, кет әрі!

Қара марка кобыраған жүннен асып түсті де,

камыс құлағы салбырап, қарақат көзі жәудіреп, қаракөл терісі жылтырап қайта келді.

— Ку дедім ғой мынаны.

Апасының үлпілдетіп тұткен жібек жүні шашылып, қозы сирағының ұшында жүр екен. Он саусағының тырнағын түгел алып болмаған Жұмабек “шүү-әй!” деп кілем қырқатын жуан қайшымен жіберіп ұрды. Қара марка анадай жерге атып кетті де, бір жамбастап, басын бір көтеріп, бір түсіріп, шырқ үйірлді де қалды.

— Апа, қара марка өлейін деп жатыр.

Шешесі етегіне үйіліп қалған дудар жүнді ысырып тастай сап, жүгіре басып жетті де, “Пышақты әкел!” — деді жанұшырып. Ол қазан пышақты әкелген бетте:

— Бауызда! — деді.

— Қалай бауыздаймын?!

— Еркексің ғой, бауызда!

Шешесі қозының артқы жіңішке бір сирағын аяғымен басып, қолымен басын ұстап, алқымын тосып тұрды, бұл өткір пышақпен тартып жібергенде, қоңыр күрең қан беталды шапшыды. Қара марканың тұлабойы түгел тыпыршып, жерден жылжып кетті. Бір кезде артқы оң аяғын әлсіз сермеп қалғанда: “Болды. Жаны шықты”, — деді апасы.

Қозының дәл өкпе тұсынан оймақтай тесік табылды. Анадай жерде екі айырылып өткір қайшы жатыр. Жүзі қан. Апасы терісін сыпырып жатқанда: “Жүрегіне бір нәрсе тиіпті-ау”, — деді сап-салмақты отырып. Ол тиген нәрсе — тырнағын алған қайшысы. Қара марка деп атын да өзі қойып еді, аяқтанып шауып жүргенде алқымын өзі қандады. Жеті жасында мал бауыздады, айтшы, адамнан батыл тірі жан бар ма екен жер бетінде? Бәрібір қара марка тоқты боп есейгесін етке кететін еді. Сондықтан алдамшы өмір сүрмей-ақ, ертерек көзден бұлбұл ұшқаны жақсы болды. Бірақ тоқты болғанша қызығын біраз қоруім керек еді. Адам қызық көру үшін жаралған, малды да өз қызығы үшін ұстайды. Ал қазақ деген жаратылыс иелері үшін қара қойды көріп отыру — жер бетіндегі ең бір ешнәрсеге айырбастағысыз баға жетпес қызық.

Бала күнінде “малды неге сөя береді?” деп пышақ ұстағандарды жаны жек қоретін. Онан да жүнін қырқып алып, жасы жеткенде етке өткізсе, Құдай алдында күнәһар болмас еді деген бір ой басында ызыңдайтын. Жас малдың етін жейміз деп келген басшы-бағландарға қозыдан енді асып, мүшесі көзге көрініп келе жатқан тоқты-торымды пышаққа шалады. Олар тойып жеп, майлы сорпаны қанып ішіп, “ал, енді, жақсы” деп сығырайған май шамға қараған жапандағы жалғыз үйден аттанып кеткенше асығып отырады. Осы былтырлары, қайта құру науқаны басталғанда, облысқа келген жаңа басшы аудандарды аралап жүріп, Шиеліде алдына бас қойса, қойдың құлағындағы сырғаның ізін байқап қап, “мынау колхоздың қойы ғой” деп табақты ысырып қойыпты. Сосын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына қарап: “Бір жылда ауданыңызға қанша адам іссапармен келді, қанша қойдың басы кесілді, осының есебін беріңіз мен кеткенше”, — деп

пәрмен беріпті. Қайта құрудан көрген бір жақсылығы осы ғана. Әйтпесе, бәрі сол ескі ізді шиырлау. Сөз көп, іс жоқ. Соз бен істің көрінісі бірдей емес.

Артына тағы бір қарады. Қасқа айғырдың жерге шұбатылған құйрығына оратылып, әлгі қара тоқты қалмай келеді. Сірә, осы қазір басы кесіліп, жаны шықты-ау деймін жануардың. Жаны шығарын алдын-ала сезеді ғой мал шіркін. Адамның да, жан-жануардың да иесі бар. Тірі жанның киесі бар. Киелісіне жолықсан, қиянатың алдыңнан шықпай қоймайды. Маған ілескен мынау — сол қара марка. Есейіп, мүшеленіп қалыпты. Сонда тырнағымды алып болмай жатып неге лақтырдым екен қайшыны? Енді сол алынбаған тырнақ боп мәңгі ішімде қалды. Апам да қызық. Шашылса, солардың денесінен қырқылған жүн ғой”. Әлдеқашан жер астылық боп кеткен шешесін кінәлады.

Әкесі қой сойғанда бір сирағын ұстатып қоятын. Жіңішке бақайдың қуыс желбезегін тіліп беріп, соған саусағын іліп ап, қашан бір қойдың етін мүшелеп болғанша, тапжылмай қарап отыратын. Кейде жатырдан қол-аяғын бауырына алып бүріскен қозы шығатын. “Обал-ай!” деп әкесі бүкендеп шұңқырға апарып тастағасын, бұл үстін топырақпен көметін.

— Неге буаз қойды сойдыңыз? — десе, көкесі қынжылып:

— Білмедік қой. Аналар аспаннан түскендей сау ете қалды ғой. Осылар-ақ малдың обалына қалып бітті, — дейтін.

“Аналары” да, “осылары” да есік алдына кеп ерте қаңтарылатын “УАЗИК”-тің ішінен шыққан галстуктілер — әрі тексеріп, әрі демалу үшін келген басшылар. Олар үшін дастарқаны мен тосегі таза жайлы жер керек, бұл — озат шопан үшін құрмет, әкесі жарықтық солардың үйге түскенін әжептәуір мәртебе қоретін. Ал басы кесіліп жатқан мал үшін олардың басы ауырмайтын.

— Мен сотталатындардың сортынан емеспін. Сотталатындарды өздері тауып алады, — дейтін ақжарқын әкесі.

Әкенің ақ таяғын өзі ұстады, ол тақпаған темірді бұл тақты. Енді бүгін бәрінен жүрдай боп, көкірегі қарс айрылып, алдындағы қара қойын қара майға айырбастап, құр сұлдері қайтып келеді.

Қыстаққа жақындағанда бір дүңгіршек көрінді. Қазір қызыл кірпіш дүкендер де, қарағай қабырға дүңгіршектер де көп-ақ. Қойын сойып жеп бітіріп, еміп отырған егістік жерін ондей алмай қолды бір сілтегендердің бәрі осы құрқылтайдың ұясындай дүңгіршекке бала-шағасымен тығылып күн кешіп отыр. “Мен де соғармын біреуін. Басқа нем қалды. Бәрінің айтатыны — заман өзгерді, социализм кетіп, капитализм келді. Бұдан артық заманды таппайсың. Қарашы, қандай еркіндік. Көрінген жерден дүңгіршек ашам десең де, үй соғам десең де — еркін. Өз қолың өз аузына жетті деген осы”.

Аттан түспеді. “Жанарыс дүңгіршегі” деген жазудың алдына дейін тақымдап кеп, қарағай есікті қамшымен тоқылдатты да:

— Қарағым, қырлы стаканды толтырып құйшы, — деді.

– Олә, арақ па?!

Ат үстіндегі кексе адамның сұранысына әуелде бетін шымшып таңғалған аяғы ауыр келіншектің талтаңдай басып кеп, қолына ұстатқан шүпілдеген қырлы стакан толы ашы арағын сіміре тартты да:

– Дәнененің керегі жоқ, – деді.

Аяғы ауыр келіншектің тіске басар сықпа құрты да қолында қалды. Қойшы қайтарымсыз он теңге ұсынды да, қасқа айғырды бүйірден қатты тебінді. Енді екі шақырымнан аса жер жүрсе, үйіне жетеді. Сосын жуынып-шайынып, басын байлап ап, пештің түбіне корпешені қалың ғып тосеп, ерте жатып еркін демалады.

Қара тоқты бірте-бірте алыстап қалды. Соно-о-у коз ұшынан бір көрінді де, біржола ғайып болды. “Енді қой баласын қормейтін шығармын”. Қойшы кемсеңдеп жылағысы келді. Арқасы қарауытып, торт аяғын тең басып, өмірі асығуды білмейтін маңғаз да момын мал шұбырып, теңіздей толқып коз алдынан әрең ғайып болды. Қойшы кемсең-кемсең етті, еркектің иен далада жылағанын ешкім көрген жоқ.

Қасқа айғыр үйді өзі тауып кеп, қораға кіре бергенде шалқая ашылған есікті он аяғын үзеңгіден шығарып ап бір теуіп жіберді. Жылқы дәл табалдырыққа кеп бас тіреді. Иесі аяғын үзеңгіден шығармай, жүгеннен қолын алмай біраз отырды.

– Олә, әкең ішіп кепті! – деді есіктен басын қылтитып, коз тоқтатып қараған жұбайы әрі шошынып, әрі мазақ еткендей дауысын қатты шығарып.

– Түсіріп алайық. Өлгенше ішкені несі. Қара қойдан құтылғанын жуған ғой, сірә.

Әйелі мен баласын көріп Жұмабектің көңілі қайта босады. Аяғын үзеңгіден шығарып, иығын тосқан кенже ұлға қарай таудай боп құлай кетті.

* * *

– Го-о-о-к!

Бұл – пойыз біткеннің стансаға бас сүкқандағы “мен келдім” дегендей ескертіп, есік қағуы. Осы ашы ішектей шұбатылған “го-о-о-к!” темір жолды тасыр-тұсыр әлемі әуенге болеп, доңгелек жырын шерткен пойыздың он бойына жарасып тұрады. Қос тармақ жол қан тамырындай тартылып, зіл батпан салмақтан бүлкілдеп, баланың еңбегіндей былқ-былқ етеді. Қос тармақ жолдың шет-шегі жоқ, оның қайдан басталып, қайдан аяқталарын пойыз күткен көп жолаушының бірі – қойшы Жұмабек білмейді. Әйтеуір адамды барар жеріне адастырмай алып барарына көзі жетеді. Жүрегі лүпілдеп пойыз күткен оның Алматыдағы тұңғыш ұлына барып, демалып қайтпақ ойы бар. Салулы тосектің үстінде басын тастай ғып таңып ап екі күн жатты, сүт қатқан қызыл күрең шәйді сораптап шолін де, мейірін де қандырганмен, алпыс екі тамырында бір нәрсенің жыланша тілін жалаңдатып сусап тұрғаны көңілін күпті ете берді. Соның емін таба алмай, екі күн әуре болды. Бүгін ерте тұрды да: “Алматыға, Жанабайға барып, Райымбекті иіскеп қайтайын”, – деді жұбайына.

– Белет болса, – деді жұбайы екіұштылау.

– Болса да, болмаса да.

Қасқа айғырды тепсініп вокзалға барып еді, билет жоқ. “Болса, пойыз келерден бір сағат бұрын болады”, – деді кассир қыз. Сосын қатыны дайындаған қалта-құлтаның бәрін бір қапқа тығып, билет алуға септігі тиер деп онірін зілдей ғып орден, медальдарын тағып, вокзалға қайта келді. “Билет жоқ, Қызылорда орын бермей жатыр”, – деді кезегі ауысқан кассир әйел бағанағы қыздың сөзін қайталап. Біреулер “алдық” дейді. “Осы кассадан алдың ба?”, – десе, “Қызық екенсіз, енді қай кассадан аламыз?”, – деп, аяғына саптама етік киіп, қап арқалаған кексе адамға қызыға да күлімсірей қарайды.

– Қарағым, шынымен белет жоқ па? – деді соңғы рет тортбұрыш тесіктен иіліп. Иілген кезде “Халықтар Достығы”, “Еңбек Қызыл Ту” ордендері, “Лениннің туғанына 100 жыл”, “СССР-дің құрылғанына 50 жыл” мерекелік медальдары салбырап, самсап козге көрінді. Кассир әйел сәл ойланды да:

– Ағай, енді жоқ болса, қайтемін. Вагонның жолсерігімен келісіп кетесіз ғой. Қазір билет сатылмайды. Жұрттың бәрі солай жасайды, – деді тез-тез сөйлеп.

– Белет пойыздың үстінде сатылады десейші.

– Ағай, бәрін өзіңіз біліп тұр екенсіз ғой.

Адам дегенің ығы-жығы. Алматыға баратындар бұрынғыдай емес, кобейіп кеткен секілді. Бәрі де еркіндік, тәуелсіздік алғалы, қара перде түріліп, терезе ашылғалы бері қан тамырындай тартылған теміржолдың үстінде жүріп сауда жасайды, Алматыға ауыздан жырып, қапталған ақ күріш пен Аралдың табанындағы жылтыраған судан табылған балықты апарып сатады. Перрондағы ығы-жығы көптің ортасында нартәуекел деп, кенеп қабын иықтап, сұңғақ бойы көк тіреп Жұмабек те тұр. Оның қабындағы түйілген ақ күріш пен үстіндегі түйіншек – бір қалта талқан. Ет алмады. Ет жегісі келсе, базардан сатып жесін деп етті де, қойды да соз қылмады. Қой атаулыны көргісі келмейді. Он баласынан бір де кем қормей, әлпештеп, аялап, жел мен судан қорғап, қасқырдың аузынан аман ап қалып жүргенде, бір күнде топырлатып Құмқолдін күшқанасына әй-шәй жоқ апарып тапсырғанына көңілі қалды, өзегі ортенді. “Оу, адамға алдын ала айтпай ма екен? Малдан тұқым, жақсыдан тұяқ қалмай ма екен? Бұл қандай саясат?” Түсініксіз саясатқа іштей ренжіген бір кездегі қойшының баласы, бүгінгі көнігі шопан келін-баласы мен немереме деп бір асым ет алмады. “Еттен мүйіз шықса, маған шығар еді, қайда сол мүйіз? Етсіз-ақ күрішпен, талқанмен күн көрерсіңдер. Әйтпесе, Австрия деді ме, сол жақтан қағазға орап, тортбұрыш пакетпен келген етті сатып жерсіңдер...” Әліге дейін ішінде өкініштің сарқындысы қыж-қыж қайнап тұр еді, “го-о-о-к!” деп созылған шаршаңқы әуен сергітіп жіберді. Өзінен туғандарға жақындай түсетінін ойлағанда, іші тағы да шым етті, бірақ бұл жолы қуаныш иірімдері жан сарайына жол салған

еді. “Әйелді ала шығуым керек пе еді. Алты бала тапқан әйелге Алланың нұры жауады дейді. Оныншысын босануға барғанда: “Неше балаңыз бар, туған жылдары қандай?”, – деген дәрігерге: “Ең үлкені 1967-жылғы, сосынғыларына бір жарым жылдан қоса беріндер”, – депті ғой шіркінің. Кәрі дейін десең кәрі емес, жас дейін десең жас емес, айтқан сөзін қарашы. Ол киініп шығам дегенше, пойызың Алматының жарты жолына жетіп қалар” деп, өз-өзінен миығы тартты да, дәл қасына келіп тоқтаған вагонның ашық есігіне үмтылды. Құданың күдіреті, дәл осы кезде “қатын ренжіп қалған жоқ па екен?” деген ой тағы да сумаң етіп, “ренжімей жүр дейсің бе” деп, ең бір қатты ренжіткені тар жерде тамаша боп қоңліне дік ете қалды. Жеркепенің ішін жаңбыр суы алып кетіп, шелектеп сыртқа тасып тауысқан балалар ертесіне күркілдеп жөтеліп, ыстығы көтеріліп жатып қалғанда, не үйден дәрі таба алмай, не алыстан дәрігер шақыра алмай әбігерге түскен әйелі: “Енді не қыламыз?” – деп еркекке қараған. “Он баланы туған адамда ми жоқ”, – деді бұл ежірейіп. Жұбайы козін алмай тесіліп қарап тұрды да: “Туғызған адамда ше?!” дегені. Бұл үн-түнсіз бұрылып кеткен. Көп болса, келгесін тағы бір тілінің бізін сұғып алар. Қара қойдың өкініші ғой мені жолға шығарған деп, басын ойдан босата бергенде:

– Кімнің белеті бар? – деді жолсеріктің судай жаңа әппақ жейдесін киіп, салбырата ұстаған тортбұрыш шаммен әркімнің бетіне жарық түсірген жігіт.

– Менде бар, – деп бағанағы екі қыз екпіндеп, топты жарып тамбурға ене берді.

– Сізде ше? – деді өңірі сықиған орден, медаль Жұмабектің кеудесіне сәуле түсіріп.

– Жоқ.

– Осындай кавалерге де белет бермей ме екен? Аға, бұрынғы заман жоқ қой, – деп дарылдап бір күліп алды да, – Мынау келмеді ғой. Былай отерде қайтсем де келем деп еді, подводит етті ғой, – деп шам жарығын алысқа сәуле шашыратып жұмсай бастады. – Әне, келе жатыр. Алдамады, орын дайында! – деп тамбурда тұрған серігіне пәрмен бере сөйледі. Қараңғыда қарбаңдаған жігіт жүні тықыр қыркылған құйрығы керсендей семіз тоқтыны бір қолымен бас жібінен тартып, бір қолымен құйрығынан ұстап, доғаша иіліп сүйрелеп келеді.

– Дорога, жол беріндер! Жол!..

Адамдар екі айырылып, қой жетелеген жігітті алға жіберді. Тамбурдағы жігіт бас жібінен тартып, кезекші жолсерік артынан итеріп, семіз тоқты жолаушы пойызына ытқып мініп кетті. Адамдар ошарылып, “мені алып кетсе, алыс жолдан қалмасак екен” деп іштей өтініп тұр.

– Кавалер аға, қайда барасыз?

– Алматыға.

– Күрішшісіз бе, қойшысыз ба?

– Қойшымын.

– Онда қоймен бір купеде барасыз. Өзіңіздің үйренген серігіңіз ғой, – деп дарылдап күліп алды да: – Міне беріңіз, – деді. – Бірінші купе.

Проводниктің купесі. Қабыңызды астына тыға салыңыз.

Жұмабек қуанып кетті. Тіпті екі күннен бері удай ашыған ішін бір көк толқын кеп жуып кеткендей болды. Оның жұбанышы – мынау пойызға салынған қой – кешегі артынан еріп жүрген тоқтының өзі ғой. “Әлде елесі ме?” деп тамбурға аяқ іліктіргенде артына бір қарап еді, адамдар жолсеріктің аузына қарап, ошарланып әлі тұр екен.

Бірінші купеде тарамыс қара жігіт отыр, ас-су қоятын үстелдің астына тоқтының бас жібін тастай ғып байлап қойыпты.

– Қарағым, жол болсын?

– Алматыға.

– Астапыралла!

– Қатты таңғалдыңыз ғой. Өзіңіз ше?

– Мен де.

Түнгі көмескіде қой жарықтық қайда келдім дегендей моп-момақан боп басын төмен салып мүлгіп тұр. Танауы таза, тұқыл мүйізі енді тебіндеп келеді. Жүні тықыр қыркылып, малсақ адамға саудаға түсер мал екендігі көзге ұрып көрініп тұр. “Қара марқаның осындай болғанын көре алмадым...”

– Құдалыққа бара жатырсың ба? – деді селт отырған сіріңке қара балаға.

– Жоқ. Базарға сойып сатам. Алматыда ет қымбат. Мал сататын базар бар.

– Мен де кеше ғана қой айдап едім...

– Үш ай қараңғыда бақтым. Жоңышқа бердім, жем бердім. Қараңғыда қой жақсы семіреді. Қазір қойдан басқа бизнес жоқ қой.

– Қой таусылғасын қайтеміз?

– Бірденесі болар. Адам өлмейді ғой.

– Адам өлмейді, бірақ өлімші болады. Күріш тасығандарды көріп едік, пойызға тірі қой салғандарды да көрдік.

– Ой, аға, “көре-көре көсем боласыз”. Пойызға сиыр салғанды да көресіз әлі. Қазір бәрін істеуге болады. Алматының базарында небір семіз қойлар бар. Қап боп ісініп кеткен. Оларға сенбеңіз. Олардың бақайынан насоспен жел үреді де, тігіп тастайды. Сосын өнан откен семіз мал таппайсыз. Сондай малға ұрынып қап жүрмеңіз.

– Мына қой өзіндікі ме?

– Ағам қойшы болған. Колхоз тарағанда еншін деп үш қой беріп еді, сол ғой.

– Е-е, мен секілді біреу екен де.

– Сіз де қойшысыз ба?

– “Үлкен қойды анам деп, кіші қойды балам” деген біреумін.

– Онда барғанша жақсы ұйықтап барасыз. Үйреншікті иіс қой.

Жолсерік күңгірт шамды да өшірді. Қараңғы купедегі екі адам мен бір қой үн-түнсіз қалды. Екеуінің бірі астына, бірі үстіне жайғасты. Әрі-бері сүйрелеп жүріп қой да болдыртса керек, қысқа байланған бас жіптен мойнын тартқылап-тартқылап, тастай еденге төрт аяғын бауырына алып жата кетті. “Обал-ай, – деді қойшы үстіңгі қабатта жатса да, қараңғыда жарықтағыдай бәрін аңғарып. – Обал-

ай! Мал баласын сонша қинап..." Қойды қысқы кораға қамағанда, өзі айырлап тасып, астына жылы саңылтыр төсейтін. Жазда қоң аралас қара жер онсыз да бауырына жылы тиіп жатады. "Обал-ай! Адам осыншама қатыгез бе еді. Жан-жануар мен аңды жеңгеніне өзін күштімін дейді-ау. Қой жарықтық біздің төрт түлігіміздің басы емес пе, қазақтың өзі емес пе. Обал-ай! Ең болмаса, бір қалған-құтқан одеялы жоқ па екен астына төсейтін?" Жолсерік сол күйі бас сұқпады. Оның есікті сыртынан құлыптап кеткенін қойшы сезбей де қалды. Тас қараңғыда тастай еденде жатқан қара тоқтыға қарап қоз қарашығын талдырды, қуанышы — қанынан тарағандарға сәт сайын жақындай түскені.

Саудагер жігіт тосекке жамбасы тиісімен қор ете қалды. Қара тоқты анда-санда пысқырынып қояды. Жұмабек көзге түртсе көргісіз қараңғыда қос қолын басының астына тастап, селт ойланып жатыр. Е-е-е, қырық жыл қой баққанда не көрмеді бұ қазағын. Жеркепенің тобесінен су саулап, үйдің іші суға толғанда керегедегі "Ел тілегі — елу миллион" деген жазуды бүлінбесін деп беліне орап алған. Сонда балалары суық тиіп күркілдеп жатқанда, соларға қарамай, қызыл шүберектегі ұранды су шайып кетпесін деп жанын салды. Парторгке осыны айтып еді: "Міне, нағыз коммунист осындай болу керек. Біз биыл сізді Мәскеуге, Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне жібергелі отырмыз", — деді. Көрмеге де барды, көрмегенін көрді. Мәскеу төріндегі мавзолейде жұдырығын тастай түйіп мәңгі ұйықтап жатқан Ленин көсемді де көрді. Бір таң қалғаны — қонақ үйдің қасындағы азық-түлік дүкеніне бас сұққанда, қып-қызыл семіз ет қоз қарықтырды. Жергілікті жұрт дегенің шұқып-шұқып, егер ұнамаса, он минөт сайын қайта айналып соғып тұрған келесі блокты күтеді екен. Ол ұнамаса келесі блок келеді, тек он минөтке төзімің жетсе болғаны. "Қандай молшылық. Біздің астанамыз Алматыда неге осындай болмасқа?", — деп қиялдады шопан. "Жоғ-а, сүйек-саяқ түсе қалса, сағаттап тұрып әрен аламыз", — дейді ғой баланың үйіндегі келін. Жарты кілә ет алып, қонақ үйге келгенде "Қазақстан" деген штампты көрді. "Елім менің, қайран қазағым менің, Мәскеудегі қызыл етке дейін атың жазылған" деп, бір мақтаныш сезімі тұлабойын тыз еткізді. Тоңазытқышта сақтап, жол бойы пойыздың терезесіне іліп желдетіп, семіз етті ауылдастарына көрсетпекке осылай әбігерге түсіп ала келді. Парторг еттегі штампты көргенде масаттанып: "Ел тілегі — елу миллион" дегеніміз осы ғой, Жәке. Сізді Мәскеуге босқа жібермеппіз", — деп алақанын сарт еткізген.

Түн белортадан ауып барады. Жүрдек пойыз жүрісінен жаңылар емес. Мұрнына құмалақтың иісі келді. "Мына қара тоқты тартынып-тартынып буынып қалған жоқ па өзі? Қой баласы жаны қиналғанда құмалақ шашып жібереді, пышаққа түсіп, жаны шығарда жіпке ілінбеген артқы оң аяғын бір сермеп қап, құмалағын қоса шашады". Жоғарғы қабаттан қараңғыда қармалап төмен түсті. Қой иесі шалқасынан түсіп, аузы ашылып, шыбын кіріп кетсе де сезбестей пырыл ұйқыға басыпты. Сірә, арық

тоқтыны семіртемін деп қалжыраса керек. Сипалап жүріп, бас жіптің күрмеп шалған түйінін тауып, мойнынан шешіп алды. "Бұ жарықтықтың алдында оттап жататын бір бау шөп болса ғой. Иесіне қарашы, үстелінің үсті толы шырын мен "Сарыағаш" суы. Мал да адам сияқты шөлдейді емес пе". Шешілген жіпті иесінің бас жағына қойды. "Қой да, мен де ешқайда қаша қоймаспыз. Жер бетінде момын екеу болса, бірі — сен, бірі — мен". Қараңғыда қармалап қайтадан жоғарғы орнына шықты. Тас қараңғыдан ештеңе көрінбейді, ең болмаса, даланы көріп жатайын деп, пойыздың терезесін бүркеген құрым пердені сыр-еткізіп жоғары түрді, оның сыртынан жолсерік "ұрлығымды ешкім көрмесін" дегендей қалың одеялды тағы тұтып қойыпты. Оны да жұлып ап, торт бүктеп бас жағына жастық қып жастап алды.

Алғашында қаракөл қойын бақты. Сонда лас тірліктен жүрегі айнып, малға деген біртүрлі аяушылық сезімі оянып, колхоз бастығына қайта-қайта барғыштап жүріп, саулық қой алды. Қаракөл қозыны туғасын үш күннен кейін қыстау түбінде қанқызыл қасап басталады. Қаракөл сою науқанына колхоздағы қолының қаруы барлар түгел келеді. Үш күн енесін емген қозыны алқымынан тартып жіберіп, терісін сыпырып ап, тұздап, тау ғып үйіп тастайды. Мектептің жоғары сынып оқушылары бауыздамай терісін сыпырып ап, қып-қызыл боп бір басып, екі басып барып құлаған қозыға рахаттана қарап отырып, екіншісін де солай қинайды. Осыны көзбен көрді. "Мен Гитлермін" деп дарақыланған бір бала бауыздамай басынан бастап терісін сыпыра бергенде, қолынан пышақты жұлып ап, жағынан бір тартты. "Гитлердің осылай тірлей тері сыпырғанын көріп пе едің?", — деп, күректей алақаны қатты тиіп, жағын ұстап қалған баланы тағы бір оқсата салғысы келді де, өзін-өзі әрең тежеді.

— Кімнің баласысың? — деді тістеніп тұрып.

— Әжімұраттың.

— Бар, әкеңе айта бар, Гитлерше тәрбиелегенше, бала туғызбай-ақ қойсын.

Әжімұрат деген атышулы насыбайшы еді, өзінің осылардың руынан қыз алған жезделігі бар. Баласы айтып барса, "мен туғызбас едім, апасы қоймайды ғой" депті. Адамзатқа дауа жоқ, оның қызыл тіліне кедергі жоқ. Бір күні бір аяғын соғысқа берген мүгедек, бірақ бұлшық еттері бұлтылдап қаракөл союға келген Шүкән атай бір қозыны бауыздап, терісін сыпырып ап, қып-қызыл ет пен былқ-былқ еткен жұмсақ сүйекке қарап отырып қасынан өтіп бара жатқан қойшыға: "Әй, Жұмабек, Аллаға мың мәрте рахмет. Мені қозы ғып, оның ішінде қаракөлдің еркек қозысы ғып жаратпағанына шүкір", — деді қалш-қалш етіп.

Қозының еркегі сойылып, ұрғашысы саулыққа жіберіледі. Еркек соғысқа кетіп, әйел тылда қалады. Шүкән атай сонда Адам боп жаратылғанына мың мәрте алғыс айтып отыр екен-ау. Ал адамзаттың тірлігіне қарашы. Қызыл қанды суша ағызатын да сол Адам ғой. Адам өлтіреді, адамды ешкім өлтіре алмайды. Өлтірген күнде де оның ұрпағын өлтіріп тауыса алмайсың. Адам — аң атаулыны жеңе

білгендігімен де Адам. Сол бір суретті көргеннен кейін Жұмабектің жүрегі май ішкендей кілкіді. Киіз үйдің айналасы көлкіген қызыл қан, жас козының алқымынан аққан шылапшын толы қызыл қанды шұқыр толтырып көміп тастайды. Ол қыстау айналып жүгіріп жүрген балаларына қарады. “Балаларым үй маңында қан басып ойнамасын” деді. Үш-ақ күн жер басып, төртінші күні алқымын адамдар қандап, майда тісі шүпірлеп, “мә?” деп маңырай алмай аузы ашылып жатқан кінәсіз мал баласын көрмей өссін деді. Сою науқаны біткесін үшінші рет колхоз бастығына барып саулық қой сұрады.

— Жүзіне жүз елуден қозы алсаң, беремін, — деді колхоз бастық.

— Алланың бұйырғаны болар, өзім ол іске тікелей араласа алмаймын ғой.

Бастық мырс етіп, езуі жиырылды.

— Осы, қойшы атаулы, каракөл қойына жете алмай жүргенде, сенің саулық қойға деген сағынышың неге маздап барады?

— Балаларым қан баспай өссін...

— Әкең жарықтық та осындай еді.

— Балаларым да осындай болады...

Өтінішін қабылдады. Өйткені малдың бабын табар мұндай қойшыны колхоз бастық бұл өңірден шам алып іздесе де, таба алмайды.

Түн белортадан әлдеқашан ауып, жұлдыздар сөніп, аспан бозара бастады. Енді сәл шыдаса, таң атып, сосын күн сәскеге ілінер-ілінбесте пойыз І-Алматы вокзалына тұмсық тірейді. Егер мүмкіндік болса, мынау құркылтайдың ұясындай тар түкпірден түсіп қалып, жаяу кетсе де, жер басып жүргісі кеп отыр. Шындап келсе, қуықтай тар бөлмедегі екі адам мен бір қой үшеуінің бірге өткізген сағаттары өмірдің нағыз басқаша өзгеруі, бөлекше заманның басын қылтитып көрсетуі болар, сірә. Әйтпесе, қаншама жол жүріп, дәл осындай шегінісі мен сайқымазағы коп ауыр түнді бастан откермепті. Бұл да Алланың сыйы шығар.

Мұрнына тағы да жас құмалақтың иісі келді. Қара тоқты танауын қайта-қайта тартып, пыскырына бастады. Бұл — шөлдегені, әйтпесе салқын жер іздеп пысынай бастағаны. Бас жағындағы түймедей тесікті оңға қарай шырт еткізіп еді, көмескі жарық түсіріп шам жанды. Қой түрегеп тұр, жамбасына шүпірлеп дөп-дөңгелек боп құмалақ жабысыпты. “Стаканмен су берсем бе екен. Қой, сені мен мен шыдау үшін міндік қой осы пойызға. Құмалақ пен сідік араласса, нағыз қоймалжың сонда болар. Шыда, кара қойым, шыда. Таң атқанша шыда”. Қара тоқтының көрер көзге белі жіңішкеріп, керсендей құйрығы дөп-дөңгелек боп кішірейіп қалғандай. Кеше тартқылап тамбурға салып жатқанда арқасының майы үш елі сияқты еді. Адамға да, малға да күтім керек. Күтімсіз жерде мал да көріксіз. Асқазанға тоқтық, адамға өмір сыйлаған төрт аяқтың жанын сонша қинамаса болмас па еді? Бизнес дейді. Бизнесің де мәнімен, сәнімен болса. Пойыз тексеретін ревизорлар көрсе, не етер еді? Олардың бәрінің жолы жабайы бизнес басталғалы жабылды дейді ... Қойшының көзі

қойдың тықыр денесіне жабысқан, онан қалса, аша тұяқтың арасына тығылған жас құмалаққа түсті. Осы құмалақтан пайда қылған өзінің бір өзбек досын Алматыдағы үйіне бара жатқан баласы о заманда рахаттана отырып, жыр ғып айтып берген. Ол Мәскеуде дәрігерлік оқу оқып, тіс жұлатын хирург боп шықты. Өзімен курстас өзбек жігіті Яхио үйге де кеп қонақ болды, бір қап қойдың құмалағын әкеп, метрода қырлы стаканын елу тиыннан сатыпты.

— Әуелі бөлмеден қой иісі шықты, — дейді қоймен көзін ашып, козымен ойнап өскен қойшының баласы. — Яхио-тоға, жасырмаңыз, не әкелдіңіз мәхалладан? — деп сұрасам: “Ой-й, әшейін майда-шүйде ғой”, — дейді жалтарып. Бір күні метрода қасына екі укроп қойып, қырлы стаканын елу тиыннан сатып отырғанда үстінен түстім.

— Мәскеудегілер қойдың құмалағын қайтеді?

— Гүлге себеді. Мәскеуліктер үшін, гүл үшін бұл таптырмас тыңайтқыш...

“О, Алла-ай!— деп жағасын ұстады.— Қара қойдың еті, сүті, елтірісі, енді құмалағына дейін әжетке жарағасын не дейсің. Сол момын түлікті бензинге айырбастап не жазығы бар еді? — деп қойшы тағы да күрсінді. — Қойдан айырылу қазақ үшін мініп жүрген атынан айырылумен бірдей емес пе”.

Пойыз қиялдан жүйрік емес. Қиял талай теңізді жүзіп өтті, пойыз әлі астанамыз Алматыға жете алмай келеді. Бірақ пойызды кінәлауға болмайды. Бұл да Адам қиялының жемісі, адамға бағынған дөңгелектің жүріс кестесі бар. “Егер осы болмаса, ит өлген жердегі балам мен немереме кім жеткізеді мені? Адам түгілі, кара қойға да орын тауып беріп, арқасына сап алып келе жатқан отарбаға тіл тигізуге болмайды”.

Таң әбден ағарып атып, таусылмас кең даладағы көзге бадырайып көрінген сорайған бағаналар мен үш-төрт үйдің басын құраған шағын разъездер зуылдап артта қалып барады. Соларға қарап аңтарылып отырған қойшы есікті шалт ашып ішке бас сұққан жолсеріктің даусынан селк ете қалды.

— Қалай, үш жолдас, жақсы ұйықтап тұрдыңыздар ма?

Сол сәт айнала темірден жамбасы ауырып, жанары талған кара қой “мә-ә!” деп маңырады.

— Жап, мынаның аузын! — деді ұйқысын аша алмай есінеп, екі көзін кезек уқалап отырған иесіне. — Тез-тез жуынып алыңыздар. Қой әкеле жатқанымызды пойыз бастығы білмей-ақ қойсын. Ол кісі бәріне қолды бір-ақ сілтейді, бірақ әлі купеге қой тиеуге рұқсат берген жоқ еді. Оған да береді ордерді. Бірақ эксперимент бізден басталмасын. Тез жуыныңдар. Сосын қайта құлыптаймын. Мына қойды маңырамау үшін Алматыға жеткенше аузын таңып қоясың ба... — кірден түр-түсі көрінбей қалған сүлгіні жоғарыдан тауып ап, лақтырып жіберді.

Сол сәт шыдамның шегіне жеткен тарттырылған жас тоқты жіп-жіңішке ғып тамшылатып-тамшылатып жіберді.

— Мә, трәпке, тез сұрт те, астына тыға сал.

— Тірліктерің бар болсын, — деді Жұмабек жуынуға шығып бара жатып.

Жуынып келгесін де қамауда төрт-бес сағаттай отырды. Бір сәт кішкентай аэродромнан қос қанат самолеттер мен томардай-томардай боп томпып тұрған вертолеттер көріне бастады. “Бұл Боралдай аэродромы. Келдік, жеттік Алматыға!” Қойшы есікті ішкі ілгегінен өзі ашып, сары қабын иықтап, тамбурға шығып тұрды. “Күтіп алар ма екен? Ауылдағылардан хабар тисе, Жаңабай күтпей қалмас”.

“Гө-ө-ө-к!” деген тепловоздың есік қаққан шаршаңқы дауысы естілді. “Келдік стансаға. Жеттік”.

Қойшының жүрегі дүрсілдеді. Өзінің қанымен беттесерде ылғи да осылай. Алпысқа таяп, ата сақалы аузына түссе де, перзентіне жақындағанда бір тосын күш жүрегін жиі-жиі соқтырып, қобалжудың қармағына түсіп қалады.

— Көке, қой-серігіңізді алға жіберсеңізші. Бірінші түсіп кетсін... біреу-міреу көрмей тұрғанда...

— Ол вагонға менен бұрын кіріп еді ғой.

— Енді бұрын түсіп кетсін де.

Жолсеріктің бар айтқаны болып жатыр. Күні түсіп тұрғасын ешкім де пәлен деп қарсы келе алмайды. Жаңа заманның әуені де жаңа. Бұрын, ең болмаса, жолаушы “мынауың дұрыс емес” дегенде, кімнің де болса әділетсіздіктен беті қайтып, бүгежектеп қалушы еді. Сол тәртіп, сол ереже бір күнде қай Аспанға ұшып кетті екен?

Баласының сұлбасы терезеден жалт етіп көрінгендей болды. “Қойшы бәрін де, қиял деген су ғой”. Жұмабек жол беріп тұрғанда жамбасына темір батып шыққан қара тоқты момын да болса малдығына салып қырсығып, тамбурдан түспей алдына кесекөлденең тұрып алды. Қойшының қарулы қолы өзінше арқа көрсеткен жас тоқтыны мойны мен құйрығынан қоса алып, жердегі бір тұтам бас жібінен қылқындыра тартып тұрған иесіне “әуп” деп алып бергенде, әкесін күткен ұлы таң-тамаша қап, кеңкілдеп күлсін кеп.

— Көке, жүйрік пойызбен тірі қой әкеліпсіз ғой...

— Бұл сенікі емес, пышақтікі... — деп, қолын созған баласының иығына ішінде қойдың еті жоқ сары қапты қонжитып іле салды.

* * *

Қойшының іші пысты. Бұрын үй түбіндегі алмасы мен шиесі сағағынан иіліп тұрған саябақта немересін ертіп жүріп қыдырушы еді, қазір сол жердің бәрі арасынан ауа айналмастай боп соғылған тұрғын үйге айналыпты. Мынау зәулім ғимарат — Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кеңсесі, жерді де солар сатып ап, көзді ашып-жұмғанша биік үйлер бой көтеріпті. Жаңабай отызға төлғанда, осы жерде түтіндетіп көуап пісіріп, жастар алма бақтың астында еркін отырып ойнап-күлгені есінде. “Мынау жұмақтың нағыз өзі ғой”, — деген-ді сонда қойшының жұбайы бұтағы төмен иілген алма ағашынан бір қызыл апортты үзіп ап тұрып. Айналдырған бес-алты жылда, өз атымызды өзіміз ерттеп міндік пе дегенде, саябақ түбірінен оталып, үй дегенің

сығылысып, бала ойнайтын да жер қалмапты-ау. Қойшы өз-өзімен зығырданы қайнап ауылға қайтқысы келді. Кешегі пойызбен бірге келген қара тоқтыны ойлады ма-ау. Қоймен бір купеде келгенін айтқанда, баласы кеңкілдеп, келіні сықылықтап күлді.

— Міне, заманның өзгергені, — дейді тіс жулатын бала кесеге қол жалғап отырып. — Бұрын пойыз бен самолетке бір кілә артық зат сала алмаушы едік. Енді қара қойдың жүрдек пойыздың купесіне жайғасқаны — бұл қойға деген құрметтің адамға деген құрметпен бірдей болғаны ғой.

— Оттама! — деді көзі қызарып.

Әкесінің алған бетінен қайтпайтын бірбеткейлігін, ашуы келсе, маздаған орттей басыла қоймас өжеттігін білетін баласы жым болып жиырылды да:

— Айтысқа барасыз ба! — деді.

— Онда не бар? Бір рет бардым ғой...

Ол бұдан жеті-сегіз жыл бұрын болатын. Айтысты жандандырып, қазақтың ошкенін қайта тірілтеміз деген жарнаманы көрген баласының үйінде жатқан қойшы Жұмабек Орталық концерт залына билет алып өзі барды. Айтыстың тақырыбы — қайта құру екен. Бала күнінде Нартайды көрген, бертінде Манап ақынды тым жақыннан көрген қойшының есінде қалғаны — олар көзбен көрген құбылысқа сөзбен баға беріп, ел-жұртты қайран қалдыратын, қышыған жерді тырнай қасыған әзіл-оспақ қыран-топан күлкіге қарық қып жататын. Айтысқа тақырып таңдап алғанды бірінші естуі. “Осы нешетүрлінің бәрі бізден шығатыны несі?!” деп ақырын күтіп, ой кешіп отырды. Айтысушылардың бәрі жаңа заман лебін, Қазақстанға Қолбинді жіберген ұлт саясатының әділетін жырлап, қара тер болды. Бұның бәрі Жұмабектің жүрегін жылытпады. Біреулер алақаны күлдірегенше қол соғып, мәз боп отыр. Бір ақын:

— Қайта құру дегенім, қайта құру,

Атымды қайта ерттеп, қайта міну, —

дегенде, орнынан тұрып, кошеметшіл жұртты тастап шығып жүре берді. “Осы жер жүзінде қол соғудан жарыс өтсе, біздің ел, әй, бірінші орынды шаппай алар-ау!” деп мырс етті шығып бара жатып. Кісі деген пәтуалы сөзге қол соғу керек емес пе. Ең бір жанын қинап, жынын келтірген жері — “атымды қайта ерттеп, қайта міну” дейді. “Қайта ерттелген ат көрмедік қой. Аттың қай жағынан мінуді білмейтіндер тізгін ұстап, түкірігі жерге түспей тұр ғой. Ақырында өзім өсірген қоймен бір купеде келдім”.

— Заман өзгерді ғой, барайық, көрейік, — деді баласы.

Келгелі, әйтеуір, келін екеуі көңілінен шықсақ деп жайылып жастық, иіліп төсек боп салынып жүр. “Тісіңізді жұлып берейін”, — деді. “Тісім сау, жастайымнан таужуа мен шеңгелсобық шайнап өскен адамның тісінде ақау болушы ма еді”, — деп тағы да бетін қайтарып тастады.

— Біздің стоматологтардың шығарған мәтелі бар: “Ісің түспесе де, тісің түсер” деген. Бізге көп

адамның ісі түсе бермейді, — деп баласы тағы да кеңкілдеп күліп алды. Көзінен “сөзімді жерге тастамай, айтысқа жүрсеңізші” дегенді оқып қалды.

— Құдай әкенің күнін балаға салмасын, — деп киіне бастады. Іштей “асылық айтсам, бір Алла өзің кешіре гөр, осы болмаса ит олген жерге кімді іздеп келер едім. Көңілімді жұбатқан бір отар қара қойды да жоқ қылды мына заман” деп, іштей әйтеуір, әлдекімге жалбарынып, әлдекімдерді соға жамандады.

Айтыс ақындары бұрынғыдай емес, ширап қалыпты. Екпіндеп, тар шеңберден шығып, жер де, көк те, тіл де өзіміздікі дегендей бәріне ие өзіміздікі мен мұндалап сезіліп тұр. Залдағылар мәз. Сарапшылар да уақытты тежемей, тізгінді еркін жіберуге мүмкіндік беріп, бастарын изеп, өздері қосыла күліп, мәз боп отыр. Жамбыл облысынан келген бір ақын қойшының жанды жерін басқанда, бұл ыршып түсті.

— Семіз етпен Мәскеуді асырадым,
СССР жоқ несіне жасырамын.
Өз халқымды аш ұстап, Мәскеуде мен
Өзгелерден бағымды асырғанмын...

Жұмабек алақанын сарт еткізді. Мәскеуге, Кремльге барғанда көргені ғой мынау. “Апырмай, біздің де тіліміздің ұзарып, сөзіміздің аспанға ұшқаны ма?!”

— Қара қойды бензинге айырбастадым,
Бензинді тамақ қылып жей бастадым.
Қой фермалар бұзылып, жел көтерді,
Басшының баспанасы бой көтерді.
Он пайызы басшыға бұзылғанның,
Бұзбай-ақ қойсаң соны, нең кетеді...

— Ой-най! — деп орнынан ұшып тұрды. — Мынау дәл біздің ауылды айтып тұр ғой.

Баласы әкесінің риза болғанына айызы қанып, ыржиып мойнын бұрды. Оның тілегені де осы еді.

— Мынаның айтып отырғаны дәл біздің ауыл ғой, — деп баласына қарады. Ол әке көңіліндегі түйткілдің дәл табылғанына, оны өзі ертіп әкеп тауып бергеніне мәз.

“Әй, қой ферма, сиыр ферма бұзылды, медпункт бұзылды. Бұрын әйелдер босанатын перзентханасы бар ауылдың қатындары қазір үйінде арқанға керіліп, көлігі барлары ғана үлгерсе аудан орталығына барып туып жатыр. Бардың бәрін “10 пайызы басшының үлесіне” деген жекешелендіру ережесімен түгел бір Адам бұзып ап жатыр. Біздің ауылдың күні кеше қаңғырып келген бастығы ауылды ауыл ғып ұстап тұрған биліктің бәрін қиратып, өзіне зәңкиген бір үй соғып алды. Сол үйге кірген күні он сегіз жасар баласы тоққа ұрынып өлді. Кие, кие деген ұрмай қоймайды. Әсіресе, қой қамаған қора мен кітап сақтаған кітапхананың киесі...” деп, қиялы өзі мініп келген жүйрік пойыздай жүйткі бастағанда, өлгіге қарсы жақтың ақыны айтқан уәж де құлағына майдай жақты.

— Тәуелсіздік алғанымға семіремін,
Қойым жоқ, құр сүйекті кеміремін.
Бұрынғыны сақтап қап, жақсы жолды
Жалғастырып кетсек деп емінемін.
Дұрыс па, бұрыс па екен бұл бағытым,
Капитализмнен мен өзі не білемін?
Қой да бар, астық та бар қырманымда,
50 миллион, миллиард пұт деп тұрғанымда,
Бидайды Канададан, етті Австриядан
Сатып алам дегенде мұздадым да,
Қайтадан қаным қызбай суып қалдым,
Қызуым отыз алтыда тұрып қалды.
Екеуі де өзімде бар байлықты,
Айырбастап күнкоріс шай-пайлықты.
Мен өзім бар халықтың өкілімін,
Корген қоздың куәсімін, кепілімін.
Канада, Австрияға жәутендемей,
Күн сүйген сәбилердің кекілімін.
Байлықтың не екенін көрсетемін,
Алмаймын ет, бидайын берсе тегін.
Қой бағудан ешқашан ерінбеймін,
46 миллионнан шегінбеймін.
Жусаны жұпар шашқан жерім барда,
Қазақтай кең қолтықты елім барда,
Өз несібем өзімде бөлінбеймін,
Австрияға ет сат деп емінбеймін...

— Ой, бәтшағар, өлме! — деп Жұмабек ұшып тұрды.

— Сен білгендей алып келген екенсің, — деп баласының иығына алақанын жалатып алды. Жібі бермейтін перзентіне көңілі жібіп, ішінен айналды. “Райымбекті де ала келуім керек еді, сөз тыңдап үйрене берсін”, — деп тағы да баласына қарады.

Екеуі айтыстан шыққанда, қойшы астананың қак ортасындағы кең сарайда мен баққан қойды жоқтайтын біреу бар екен-ау деп жаны семірді. Ендігі күткені келінінің қолдың сүтін қатқан қою шәйін терлеп-тепшіп жантайып жатып ішіп, немересін беліне мінгізу еді.

* * *

Көтеріңкі көңіл-күй күннің шығуы мен айдың батуына ғана ұласты. Қабағы түйіліп, кіржиіп, асылын жоғалтқан адамдай алаңдап, бір нәрсені іздей бастады. Бала жұмысына кетті, келін кір-қоңын жууға кірісті, бұл ұйықтап жатқан Райымбектің маңдайынан бір иіскейін деп үшкір мұртының ұшы тиіп кеткенде, майдай жұмсақ беті жыбыр ете қалған сәбидің қылығы Жұмабектің көңілін демдеді. “Ұрпақтан өрбіген ұрпақ қой, бірақ бұл жалғыз өспеуі керек еді, шәй үстінде келінге айтсам ба екен, он емес, соның жартысынан қайырса да, шүкір. Онсыз да көп емеспіз ғой. Шүкір, бұрынғыдай емес, қалада қазақ баласы көбейіп қалыпты. Сөлар көбейе түсу үшін әр үйдің іші балаға толмай бола ма? Айтып, сөз шығындамай-ақ қояйын. Атасы келінге айтар сөз емес. Кетерде балаға жіңішкелеп білдірермін”.

Балконға шықты. Қабырғаны көмкеріп биікке ормелеген шырмауық гүл шымқай жасыл түсімен

көз жауын алып, айналаны сәнге болеп тұр. “Осының орнына қоян әйтпесе құс өсірсе қайтеді. Райымбек бір қозы асыраса болмас па еді?” Құлағына “мә-ә-ә!” деп маңыраған үн талып естілді. Тез киінді де, тысқа шықты. Саясына шомылатын алма бақтың орны сығылысқан үй. Қайта кірді де:

— Келін, мал базары бар ма осы маңда? — деп сұрады.

— Бұл маңда жоқ. Каменкада бар. 551-ші маршрутның барады.

— Мен сонда кеттім.

551-ші маршруттық такси де зу етіп келе қалды. Он шақырымдай жол екен, ирелең-бұралаңы болмаса, онан да жақын. Мал базардың көркі — мал ғой. Бірақ төрт аяқты қозға шалына қойады. Сөре толы шәңгекке ілген қызыл ет. Жұқа шалбарын тізесіне, жеңдерін шынтағына дейін түріп алған қатарда тұрған әйелдер аяғына саптама етік, басына дөңгелек шләпі, үстіне арзан қол костюм-шалбар киген үшкір мұртты қазақты көргенде, “маған келсе екен” дегендей бір қозғалақтап қалды. “Қолда бар малын сойып тауысқасын, бұл жұрт не істер екен? Онан да оның тұқымын көбейтпей ме!” Сөре толы қаны шыққан қызыл ет оның көкірегіне осындай ой салды.

Әудем жерді алып жатқан доп-дөңгелек базардың тазалығы да көңілге қонбады. Бір жер — қызылжағал қан, бір жер — қолкіген су, тірі қойдың жүнінің шуаш иісі де шығады, бірақ көзге түсіп тұрған төрт аяқ жоқ. Қалай аттаса да, өздері қарақол қозысын соятын науқанның кезіндегідей қан шашыраған ағал-жағал жер кісінің жиренішін туғызады.

— Қарағым, қой қай жерде сатылады?

— Анау бұрышты айналсаңыз қора тұр, сол қора толы тірі қой, — деді мүдірмей саңқылдаған келіншек.

Бұрышты айналғанда байқағаны — қойдың құмалағынан көрінбей қалған лас қораның бір бұрышы үсті кірге малшынған қара қой да, бір бұрышы — қолкілдеп жатқан қызыл қан толы шұңқыр, сірә, осы жерден сұрағандарға бауыздап беретін болса керек. Бір бұрышқа тығылып ұйлыққан қойлар ажалым жақындап қалды ма дегендей көздері сынаптай мөлтілдеп, танауын қайта-қайта тартып, бақайына ілініп әрең тұр. Жұмабек әскерде жүрген кезінде бір апта күшханаға жұмысқа барған еді. Сонда қанды қасапты қозымен көріп, жүрегі айнып қайтқан. Сыртта тұрған сиыр тоққа түсерін күні бұрын сезіп, оқыранып, жер іскелеп өкірсе, доңыз сою цехына кіргізбей жатып шыңғырып, иен даланы басына көтереді. Сонда қара қой ғана айдаған адамның даусына еріп, екі жақтан тартылған электр тогының ортасына қарай үн-түнсіз кете берген еді. Денесі тоққа тиіп кеткен мал — тыраң еткен өлі мал, көзді ашып-жұмғанша қолы — қол, саны — сан боп, бір жерде басы кетіп бара жатса, бір жерде ішек-қарны ақтарылып жатады. Бәрін Адам баласы бас бармағымен басып қалған бір нүкте мүлтіксіз атқарады. Бәрі бауыздалмаған арам ет. “Мына жердікі қалай екен?”

— Ассалаумағалейкүм, көке? Таныдыңыз ба?

Пойыздағы қара тоқтының иесі. Өзі қараңғыда мініп, апақ-сапақта түскесін оңін жөндей түстей алмады. Оның үстіне кісімен сөйлеспей, қойдың қасында пырылдап ұйықтады да жатты.

— Балам оқу бітіріп, енді бір жылдық әскерге кететін еді. Соған бір мал құдайы берейін деп... Қоп болды қан шығармағалы, — деді сонынан ерген қуықтай тар шалбар киген түрлі-түсті жалбыр шаш әйел.

— Онда өзіңіз таңдаңыз. Бәрі семіз, бәрінің еті дәрі. Тек жусан жеген. Укол салынбаған. Бәрі қазақы қой, еті дәмді.

— Мен қайбір мал танушы едім, — деп келіншек қылымси қалды.

— Сіз онда арқасына қол тигізіңіз, мен өзім бауыздап берем...

— Мынау... — деп қан шығармаққа ниеттенген келіншек екіұштылау қол созып, қара тоқтыны көрсетті. Тоқты жерге түскелі нәр татпаса керек, белі жіңішкеріп, топ-толық құйрығы ғана дөңгеленіп салбырап қалыпты. Көзінің айналасы ұйысқан ірің. Күтімі жоқ мал бір-ақ күнде адамнан бетер жүнжіп кетеді.

— Бұл қой күні кеше ғана әкелінген. Нанбасаңыз, мына кісіден сұраңыз. Бәріміз бірге, бір пойызбен келдік. Үш ай қараңғыда тек жемге тұрған.

Иесі тоқтыны тұқыл мүйізінен ұстап тартқылап, терең шұңқырдың қасына апарып жерге алып ұрды. Аяғын буатын жібі де жоқ.

— Сіз төрт аяғын мықтап қысып ұстап тұрыңыз, — деді аларманға.

Сылқым әйел айтқанын екі етпей, бірақ тар шалбардан иіле алмай икемсіздік танытты. Қой жарықтық бәріне көніп, бұлқынбастан басын көтермей сынаптай мөлтілдеген көзі Көк аспанды сүзіп, қазір келер өлімді күтіп жәудіреп жатыр.

Әрең иіліп тұрған аларман әйелдің қызыл тырнақты сидам саусақтары қой сирағын уысынан шығарып ала берді. Осының бәрін сыртай бағамдап, бәріне төзіп, әзер шыдаған Жұмабек жетіп келді де, иесінің қолындағы пышақты жұлып ап:

— Әй, жетесіз, бар, жіп тауып әкел! — деді.

Қойшының әлемтапырық оңінен сескенген бір түнді бірге өткізген жолаушы серігі елу теңгеге бір метр қағаз жіп әкеліп, жалтақтап қолына ұстатты. Қойшы ширатылған жіппен қойдың үш аяғын тастай ғып буды да, артқы оң аяғын бос қалдырды.

— Ал, батаны кім сұрайды? — деді аларманға.

Әйел не дерін білмей саскалақтап:

— Қап, еркектердің біреуін ала келуім керек еді, — деп, ұзын тырнақты сидам саусақтарын соза берді.

— Аға, өзіңіз айтыңызшы...

— Жануар, жаның құдайы. Бізде азық жоқ, сенде жазық жоқ. Алла дегеніңе жеткізсін, — деп әйелге бір қарады да, пышақты иесіне тапсырды. Ол көзі шатынаған адамның сұсынан сескеніп, пышақты алқымнан төмен сала бергенде, Жұмабек тағы да қызыл сап қазан пышақты қолынан жұлып ап, дәл жан шығарлық жұтқыншақ бездің тұсынан орып жіберді. Үш аяғы бірге түйілген қой бұлқынып, денесі дір-дір еткенде, үш айда жинаған қоң құйрығы жерде

сүйретіліп жатып қоса дірілдеді. “Әбден жанын қиналды-ау, жануар. Аң да, құс та өмірге келгесін қиналмай бірден жан тапсырса ғой. Адамдар да солай...”

Қара қаны әбден ағып, шұңқыр жаңа қанға толып, кож-кож үшқан шыбын қайта үймелеген кезде қара тоқтының бос жатқан артқы оң аяғы қатты сермелді. “Жаның шықты, жануарым. Қойдың қоштасар сәті осылай. Мұндайда құмалақ шашып жіберер еді, пойыздан түсіп, тақыр қораға камалған жануардың ішінде түк болмаса қайтсін. Қош, түлік басы момыным. Сенің алқымыңды қандап қайтам деп ойламап едім. Қош, өз жерінен жұлып жер қоңырөлең таппаған момыным”. Қойшы өзімен-өзі тілдесті. “Енді елес боп ере бермей қалатын шығарсың. Өзім бауыздап, көкке қарап жатқан қара көзіңмен беттестім ғой”.

Жұмабек қан сасыған қорадан шығып, қайтуға бекінді. Базардан шыға бере, “Байтал” деген жазуы бар дүңгіршекке келіп:

– Қарағым, ақ бар ма? – деді.

– Бар, аға, қайсысынан құяйын, – деді үріп ауызға салғандай әп-әдемі қыз сағыз шайнап малжандап тұрып.

– Ең ашысынан қырлы стаканды толтырып құй.

Аузы ашық “Парламенттен” лекілдете құйылған қырлы стакан толы зәһарды тартып алған қойшы алақанымен аузын бір сипап тастап, “дәнеңенің керегі жоқ” деді. Жас қыз арақ ішкеннен кейін тіскебасар сұрамаған адамның қылығына қатты таң қалды.

Тау етегін бағдарға алып, ирелең жолды сұрау сап қысқарта жүріп, оншақты шақырым жерді жаяу басып жеткен Жұмабек қисалаңдап келді де, бірден төсекке құлады.

Шәйға да тұрмады.

Түс те кормеді.

Қойдың маңыраған дауысын да естімеді.

* * *

Дәл бүгін қайтамын деген ойы жоқ еді. Тағы екі-үш күн Райымбекті иіскеп, тау жаққа алып шығып, ауылға бармайтын немересінің зердесіне “атам осындай еді” деген елес-суреттер қалдырмақшы ойы бар-тұғын. Бәрін бүлдірген есікпе-есік татар шал. Бір подъезде қазақтан баласы Жаңабай, қалғандары орыс, татар, мұрны қоңқайып, көзі сығырайған бұрын көрмеген сәлемшіл басқа ұлт өкілі. Бәрінің саяжайы бар, екі-екіден үйлері бар көрінеді. Осыны ойласа, кешегі мал базарда қолда бар қойын сойып сатып жеп, кож-кож қайнаған қара шыбыннан қалқалап, қызыл етті газетпен желпіп тұрған келіншектер көңілінің бір түкпіріне кеп елес боп тұра қалады. “Солардың ерлері қайда екен? Еркек істейтін жұмыс қалды ма екен соларға? Олар соғыста емес, егіп жатқан егіні жоқ, бағып жатқан қойы жоқ. Сонда қан базардағы қатынының қасынан табылмай қайда жүреді?”

Корші татар үшкір таяғымен жер шұқылап есік алдына шыққанда езуіне күлкі үйіріліп:

– Қардош, жер сатылатын болды. Еліңізге тез қайтпасаңыз, жерден құр қаласыз, – деді.

Біреу абайсызда артынан кеп пышақ сұғып алғандай болды. Бәрінен де жанын қинағаны – оның езуіндегі шаншар күлкі еді.

– Сіз қайтесіз? – деді әрі жауап, әрі сауалын беріп.

– Менің жерім – Қазанда. Онда бәрі жайдақ, ешкім ешнәрсеге тимейді. Сіздің жерде гуляттап жүрмін.

Үйге атып кірді де, Жаңабайға, телефон соқты.

– Мен келген пойызыммен кетем...

– Не боп қалды... көке?!

– Әркімге қозтүрткі болып... жарамды жалатқанша... Райымбекті ала кетсем, жібересіңдер ме?

– Оны бақшаға берейік деп дайындап отыр едік.

– Бақшанның бауын жайқалта бер. Мен кеттім. Шығарып салам деп әуре болмаңдар, – деп қолақпандай трубканы тастай салды.

– Көке, неге асықтыңыз? – деген келініне:

– Үй-жай, мал-жан бар емес пе, – деді.

Вокзалға келсе, тағы да билет жоқ. Сол өзі келген пойыздың өзі мінген вагонын тауып алды. Жолсерік жайбарақат тұрып жолаушыларды билетсіз-ақ кіргізіп жатыр. Баяғы жалбыр шаш жігіт. Бір-бірін бірден таныды.

– Көке, сіздің орныңыз дайын. Бұл жолы қоймен корші болмай, еркін барасыз, – деді дарылдап күліп ап.

Ентігіп Жаңабай жетті. Әкесін әудем жерден көрді, иықтап келген сары қабы жоқ, сыйдып жалғыз тұр екен. Әйтеуір, біреуді күткен сыңайы бар.

Қасына келіп қатарласа берді де, өңі өрт сондіргендей қапырық әкесіне қарап:

– Осы, көке, адамның Құдай берген отыз екі тісін жұлып жалықтым. Енді ауылға барып атамнан қалған қойды бақсам ба екен, – деді.

– Сенің барыңа да шүкір, – деп кемсең ете қалды.

Әкесінің бұлайша босағанын кормеп еді, қайыңның безіндегі катал Жұмабектің де қартаййын дегені ме.

Ол өзі жатқан орынға жайғасты. Алыс шақырымдарды артқа тастап, бірге келген қара тоқтының торт тұяғы Алматының базарында қалғанын ойлағанда, іші тағы бір шым етті. Қойшының ендігі арманы – жүн шуашының иісі мұрын жарып, қой қорада қараң-қараң етіп жүрген қолда бар торт аяқты момынын сыртынан бір қору еді. Арғысын бір Алланың жазмышы тағы да корсете жатар.

Ол пойыз қозғалғанша астықты.

Алматының вокзалында көкірегіндегі безді ерітіп жіберген еркек боп туған перзентін қия алмай, бір айтқан сөзін іштей тағы да қайталады.

– Сенің барлығыңа да шүкір!..